ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 шілде № 5265-25-00-2/1992 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «NUR-ALEM» Нұрислам Аскатұлы Сламбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Тұрақсыздық сомасы 2 900 теңгені өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот,**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «NUR-ALEM» Нұрислам Аскатұлы Сламбек мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «NUR-ALEM» Нұрислам Аскатұлы Сламбектен мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 23.07.2025
Дата вступления в законную силу: 02.09.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025
5265-25-3-1/2095

Жауапкер жеке кәсіпкер «NUR-ALEM» Нұрислам Аскатұлы Сламбектен талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медицина колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық сомасы 2 900 (екі мың тоғыз жүз) теңге және төленген мемлекеттік баж 87 (сексен жеті) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Документ подписан: Мырзахметов К. Ш., 23.07.2025

Дата вступления в законную силу: 02.09.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 05.09.2025

5265-25-3-1/2095